

Матай ру бірлестігінің тарихи тұлғалары

Оразгүл Хасенқызы Мұхатова –
тарих ғылымдарының докторы
әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университетінің профессоры

Тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ халқы өзінің бары мен жоғын, жоғалтқаны мен рухани мұрасындағы байлығын түгендеуде ауызша тарих айту дәстүрін – шежіреге үлкен мән беріп келе жатқаны белгілі. Осы бағытта көптеген шежірелер жазылып, жарық көріп, ұрпақ өзінің жеті атасын тану үстінде. Бұл үрдістің орын алып жалғасқанына біраз уақыт болды, ары қарай жалғаса берері сөзсіз. Алайда, біз шежірені жеті атаны тану, бабаларымызды тарқату деп түсінсек, онда тарихымызды шектегеніміз. Шежіре тек аталардың аты-жөнін білу ғана емес сол тұлғалардың тарихтағы орнын, атқарған істерін, қоғамдағы рөлін айқындау денегді білдіреді. Ауызша тарих айтудың дәстүрі, яғни тарихи білім шежіре арқылы қалыптасты. Шежіренің тарихи дерек ретіндегі де маңызы зор. Шежіренің мәліметтерін орыстың шығыстанушы ғалымдары этникалық тарихтың басты дерегі ретінде қарастырып, қазақ ру-тайпаларына, олардың таңбаларына, әлеуметтік құрылымдарына қатысты зерттеулерге кеңінен пайдаланған. Ұлт зиялылары шежірені жазба түрінде жинақтап, кеңірек зерттеулер жүргізген. Бұндай зерттеулер қазіргі уақытта қазақ тарихын дайындауда пайдаланылады.

Матай - Орта жүздің белді тайпаларының бірі. Матайлар туралы ғылыми негізде мәлімет қалдырғандардың бірі - орыстың белгілі ғалымы Н.А.Аристов. Ғалым матайлардың Жетісу облысының Лепсі, Қопал уездерінде мекендейтіндерін, сондай-ақ оның кенже, қаптағай, аталық руларына бөлінетіндігі туралы жазған[1,86б]. Өкінішке орай, Матай руы жайлы деректерде мол мәлімет берілмейді. Этникалық мәселелерді зерттеп, шежіре тарқатқан ғалымдардың өздері Матайдан тараған ұрпақты толық атамайды. Кеңестік кезеңде арнайы этнографиялық экспедициялар ұйымдастырылып, қазақ ру-тайпаларының шежірелері көзі қарақты, көкірегі ояу, зерделі қариялардан жазылып алынған. Сондай шежірелердің бір нұсқасын Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востров өздерінің еңбектерінде көрсеткен[2]. Бұл шежіренің ерекшелігі, авторлар найманның Төлегетайынан бес ұрпақты таратқан. Қаракерей, Төртұл, Матай, Садыр, оларға қоса Кенже Төлегетайдың ұлдары ретінде аталады. Кенже шежіре аңыздарында, жазба дерктерде Матайдан туылған ұрпақ болып саналады. Осы тұрғыдан келгенде этнограф ғалымдардың шежіресінің қателігі байқалады. Соған байланысты олар Матайдан өрбіген ұрпақты Аталық пен Қаптағайдан тарқатады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта ауызша тарих айту дәстүріне, шежіре нұсқаларын жинақтап, солардың негізінде анағұрлым нақты түрін жариялау қолға алынды. Қазақстанның түкпір түкпірінен шежіре жинақтаушылардың мәліметтері негізінде Ж.Бейсенбайұлы[3]. Матай рулар бірлестігінің көкейге қонымды нұсқасын дайындады. Ж.Бейсенбайұлы Матайға Аталық, Қаптағай,

Кенже руларының енетіндігін айқындаған. Олардан тарайтын ұрпақтарды атап көрсетуін де шынайы деп есептеуге болады.

Тарихнамада Матай рулар бірлестігі туралы көбірек айтылғанмен олардан шыққан тарихи тұлғалар жайында зерттеулер жариялана бермейді. Дегенмен бірлі-жарым еңбектерде І. Жансүгір, Бөрібай батыр туралы мәліметтер келтіріледі. Сондықтан да Матайдан шыққан тарихи тұлғаларды көрсетуді жөн санадық.

Матайдан тарайтын бірінші ру - Аталық. Ел аузындағы деректерде Аталықтың әйелі Қызай есімді сұлу екен. Ерте қайтыс болған Аталықтың орнына ру Қызай атаныпты деп айтылады. Қызай туралы айтып кететін болсақ, ол үйсін тайпасындағы атақты Бәйдібек бабаның немере қызы, Домалақ анадан туылған. Қызай қыз кезінен-ақ жұрт көзіне түсіп, кемеңгерлігімен, білгірлігімен танылған. Бой жете келе ел ішінде билік айтып, түрлі жағдайларға байланысты шешім қабылдаған. Барша жұрт «шіркін Бәйдібек байдың қызы - ай, қыз болса осындай болсын» деп таңданған. Осылайша әкесі қойған Күнбибі есімі аталмай Қызай атанып кеткен. Аталықтан шықан әйгілі тарихи тұлға болып Ілияс Жансүгір саналады. Қазақ халқы Ілиясты жыр алыбы, дүлдүл ақын ретінде таниды. Отбасынан тәлімді тәрбие алған, көргені бар бала Ілияс кішкентайынан көзге түсе бастаған. 1912 жылдан өлең жазуды бастап, алғашқы шығармаларын дәптеріне қондырыпты. Сол өлең дәптерлері 1957 жылы республикалық Ұлттық кітапхана қорынан табылған. Ілиястың алғашқы «Сарыарқа», «Тілек» атты өлеңдері Семейде шығып тұрған «Сарыарқа» газетінде басылып шықты.

Ілияс өлең - дастандармен қатар әңгімелер де жазды. Оның «Мерген Бөкен» деген әңгімесі 1923 жылы «Сана» журналында жарияланды. Ілияс Жансүгір лирика жанрымен қатар өз кезеңінің өзекті мәселелерін көтерген шағын жанр - әңгіме, фельетон түріндегі сатира жанрын дамытты. Жер жаннаты Жетісудың біртуар ұлы Ілиястың поэзиясы - терең ой, шалқар сезім айдыны. Оның ақындық ерекшелігі көркем тілінде.

Тарихта Қаптағайдың Сары аталығынан тараған Бөрібай батырдың есімі дара тұлға ретінде аталады. Батырдың аты ұранға айналған. Өз кезегінде Қарамылтық Сүлеймен би Бөрібай батыр жайында, оның шығу тегі туралы былай деп жырлаған:

Болыпты Матайдың үш баласы,
Белгілі байқағаны ел шарасы.
Өнімі бұлардың да артық болып,
Болған ғой Матай атаң ел ағасы.
Қаптағай, Аталық пен Кенже матай,
Осы еді Матай атаң үш баласы.
Баласы Қаптағайдың Дәулет, Көшік
Дәулеттің Қолдас екен бір баласы.
Тоқалынан Қарауыл, Жасық дейді
Айрылар өсіп-өніп ел арасы,
Қолдасұлы Асаннан туды Жалаң.
Келмейді сөз қиығы, көңіл алаң.

Жалаңнан Хасендағы жалғыз болып,
Хасенұлы Жақсылық деген адам.
Баласы Жақсылықтың Сары дейді,
Сөзімнің айтса кірер нәрі дейді.
Бөрібай оның ұлы жұртқа мәлім,
Матайдың ұран қылған бары дейді[4, 72-73бб].

Шежіре-жыр жолдарынан көрінетіндей Бөрібай Матайдың Қаптағай руынан. Батырдың шығу тегі көркем сөзден анық көрінеді. Бөрібай - ауыз әдебиеті нұсқаларында жоңғар басқыншыларына қарсы күресте табандылығымен, ержүрек батырлығымен дараланған тұлға. Ауызекі деректерде жауға қарсы ымырасыз майдан ашқан батыр ретінде сипатталады. Бөрібайдың есімі Қаракерей Қабанбаймен қатар аталады, онымен үзеңгілес болған. Ту байлап жауды шапқан кезеңде Бөрібай - найман, жалайыр, қоңырат руларынан жасақталған сарбаздарды басқарған, яғни қол бастаған батыр. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастырушылардың және қазақ жасақтары қолбасшыларының бірі Қожаберген жыраудың «Елім ай» дастанына сүйенсек, Бөрібай батыр жауға тойтарыс берудің алғашқы әрі ауыр кезеңіне қатысқан батырлардың қатарында болған көрінеді. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары Бөрібай найман, жалайыр, қоңырат тайпаларын Сарысу бойына көшірген. Ондағы ойы халқын шапқыншылық пен жаппай қырылудан аман алып қалу еді.

Бөрібай 1723-1740 жылдары Матай руын билеген. Билік еткен кезінде әділдігімен, ақыл парасатымен, елдестіруші елдігімен, батырлығымен бүкіл найман жұртына мәлім болған. Сондықтан да оның есімі Матай руының ұранына айналды. Елі мен жерін қорғаған, намысты қолдан бермеген Бөрібай ісі ұрпаққа үлгі, халыққа мақтаныш еді. Бәйгеден аты озған бала «Бөрібайлап» келген, жауға қарсы ұлан «Бөрібайлап» шапқан.

Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесінде қазақ халқының ел билеген хандары мен сұлтандарының, елі мен жерін қорғаған батырларының, әділ, турашыл билерінің, жақсы мен жайсаңдарының есімдері жазылған құлыптас қойылған. Сол құлыптастағы тізімде Бөрібай батырдың есімі қырық төртінші орынға ие. Мұның өзі батырдың шоқтығы биік тұлғасының қазақ тарихында алар орнын айғақтайды.

Матай руларының басын қосып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған берекелі, бірлікті елді билеген Бөрібайдың ісі тағлымды, ұрпақтары үлгілі. Батырдың ұрпақтары жайлы айтатын болсақ, «көл орны құр болмас» дегендей одан төрт ұл, бір қыз тараған. Бәйбішесінен - Құлшан, Елшен, Бәйембек, екінші әйелінен - Қыдыралы, тоқалынан - Бікен. Осылардың бәрі аталы елге айналған. Заты қыз болса да, ұрпағы рубасы деп таныған Бікен - өз заманында ақыл - парасатымен ел анасына айналған қазақ әйелдерінің бірі[5].

Бөрібай батырдың ортаншы әйелінен шамамен 1730 жылдардың орта кезінде дүниеге келген ұрпақ Қыдыралы би. Қыдыралы Жетісудағы ХУІІІ ғасырдағы ықпалды адамдардың бірі болған. Би әділдігімен, туралығымен, ақыл-парасатымен көпке танылған. Халық жадында «Көшіп кеткен

Қыдыралының жұртына қон» деген мәтел сақталған. Ел арасында «жүргенге жәргем ілінеді» деген де сөз бар. «Жәргем» деуі Қыдыралы әулеті жайлауға көшкен кезде жұртта ет асып қалдырып етеді екен. Мұның өзі шаршап келген жолаушы тамақсыз қалмасын деген ниеттен туындаса керек. Қыдыралының осындай қайырымдылығы тек қалың найман еліне емес, бүкіл қазақ халқына кең жайылған.

Қыдыралының би ретінде де алты Алашқа есімі мәлім еді. Бидің төрелегі кесімді, елді бітістіру, біріктіру идеясына толы, ғибратты болған деседі. Бидің қайырымдылығы нақыл сөздерінен, ісінен, өсиеттерінен айқын көрінеді. Қыдыралының;

«Ханда ұл болмайды,

Хан - елінің ұлы,

Би - әділдіктің құлы.

Хан өз ұлына тартса,

Халқына қадірсіз.

Би қылдан май тартса -

Би әділсіз»[5, 216], - деген астарлы сөздері әлі де маңызды, тәрбиелік мәні өте зор.

Тарихтағы дара кейпі жапандағы жалғыз бәйтерек сияқты андағайлап көрінген Матайдың даңқын шығарған Тәнеке батыр. Тәнеке - Қыдыралы бидің немересі, Жетісу өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалыстың туын көтерген қолбасшы, отаршылдық езгісіне қарсы күрескен майталман қайраткер. Ауызша деректердің нұсқаларында Тәнеке Дөсетұлы шамамен 1810 жылы Арғанаты тауының баурайында Тасқора деген жерде дүниеге келген деп айтылады. Тәнеке батырдың ешқашан да еңсесін дұшпанға бастырмағанын, есесін ешкімге жібермегенін, үнемі намысын ту етіп көтергенін дәйектейтін ауызекі мәліметтер кездеседі. Деректердің хабарлауынша Кене ханның қайғылы қазасы жөніндегі хабар қазақ арасына жетісімен найман тайпасындағы Дөсеттің Тәнекесі деген батыры Матай, Қызайдан 20 мың қол жинап келіп, Кенесарыны өлтіргендерді жазалап, бірнеше манап, билерін тұтқындап қайтқан [5, 236] көрінеді.

Туған елі мен жерінің тарихын таразылап, терең зерттеген М.Тынышпайұлының «Материалы к истории киргиз - казакского народа» деген еңбегінде «Қыдыралы бидің немересі Тәнке Дөсетұлы 1835-1840 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысына қатысты»[6], - деп жазған.

Тәнеке туралы мәліметтер Ш.Уәлихановтың жазбаларынан орын алған. Шоқан Тәнекені үлкен мұрынды, жирен сақалды, кеудесін түгел түк басқан батыр тұлғалы адам түрінде сипаттаған. Саяхатшы ғалым өзінің күнделіктерінде; «Қапал бекетіне Жетісудағы атышулы батыр барымташы Тынеке / Тәнеке/ келіпті»[7, 241 б.], - деп жазған.

Тәнеке батыр атамекенді казак отарлаушыларынан қызғыштай қорып, елінің берекесі, жайлы тұрмыс-тіршілігі үшін аянбай күрескен. Халқының болашағын болжап, құйтырқы отарлау саясатының астрын терең ұғынған батыр ата қоныстан айырылып қалмаудың қамын ойлаған. Сол үшін де ақ

патшаға хат жазып, өтініш білдірген. Тарихи мәні зор хатта былай делінген; «Жоғары Мәртебелім. Менің қол астыма қараған Қаптағай елінің бұрыннан жаз жайлап, қыс қыстап жүрген Үшбүйен, Күреңбел, Салқынбел, Қызылағаш, Шыңбұлақ, Көшкентал, Алтай, Ақешкі, Қопалы, Ащыбұлақ, Ақадыр, Қарамола сияқты шүйгін шұрайлы жер-суын Қапал жерінің атаманы Абакумовтың көмегіне сүйенген орыс әскерлері зорлап тартып алып, жергілікті халықты тонап, оларды Балқаш көлінің маңындағы құмға айдап жіберді ... халық атынан бұл мәселе туралы ұлық мансапты күзіретіңізден жоғарыда аталған жерлерді өз руларына қайтарып беруге бұйрық беруіңізді сұрап, Матай Қаптағай елінің волостной хорунжейі Тәнеке Дөсетұлы. Мөрімді бастым, 1857 жыл»[5,266]

Патша ағзам Тәнеке батырдың өтінішін ескеріп, аталған өңірді иелеріне қайтарып берген көрінеді.

Тәнеке батыр әкесі Дөсетпен бірлесіп, Қамысмола, Екіаша деген жерлерде арық қаздырып, егіншілікпен айналысқан деседі. Тары егіп, молшылыққа кенеліп, ішкендері алдында, ішпегендері соңында болып, дүйім жұрттың көзін «Қазсаң арықты, көресің жарықты» деген даналықты жеткізіп, бірлікке, игілікке шақырған. Осынау игі істі өз кезегінде ақын Сара Біржан салмен айтысында тілге тиек етіп, мақтана жырлаған. Сараның:

Таласпас Тәнекенің жан бағына,

Жеңермін егер тартса іс ағына.

Шетінен Қыдыр қонған өңшең құтым,

Мың мыңдап құт қалдырған арт жағына, [8, 216] - дегені осының айғағы.

Тәнеке батырдың ұрпағының арасында қазақтан шыққан алғашқы кәсіпкер, би Маман Қалқабайының есімі ерекше аталады. Маман байдың ұлдары әке өсиетімен «Қарағаш» деген жерде өз қаражаттарына мешіт, мектеп салдырған. Тарихта бұл мектеп «Мамания» деген атауға ие болған.

Матай руларынан сөз бастаған шешен билер, қол бастаған батырлардан өзге ақын, жыршылар да шыққан. Қаптаған Қаптағай руының мақтанышы, заманында Алтай Қарпықтың Біржан салымен айтысқан ақын Сара Тастанбекқызы. Жалпы исі қазақ жұртқа Сараның есімі кең танымал. Биылғы жылы Сараның қайтыс болуына тоқсан жыл толып, жетісулықтар оны республика көлемінде атап өтті.

Матайдың үшінші руы - Кенже. Ел аузындағы аңыз бойынша Кенже Матайдың шөбере немересі Бақы, оның баласы Елқонды би, Ақтабан шұбырындының алдында, Сыр бойында тұрғанда Қоңырат тайпасының, оның ішінде Көктің ұлы елінің, бір ауылын қалмақ шауып, ауылдың қалған кісілері би ауылына кезігіп, қосылыпты[9]. Қолда бар шежіре нұсқаларын салыстыра отырып, Кенжеде екі ру тармағы; Мәмбет, Үмбет бар деп айтуға толық негіз бар. Олардың үлкені Мәмбеттен Сартай, Бозтай, Қаратай, Сұртай тарайды деген пікірді Ақтайлақ бидің, Ж.Бейсенбайұлының, Қ.Жұпбаевтың шежіре нұсқаларынан кездестіруге болады. Ал Үмбеттен Бұланбай мен Қартқұл туған деген мәліметтер ауызекі әдеби деректерден көрініс тапқан. Кенже руынан шыққан белгілі тұлғалардың арасында қобызшы Молықбай

Байсақаулының шоқтығы биік. Өзінің өмір сүрген ортасының дүлділі - Молықбай күйші ақын Сарамен замандас. Молықбай шамамен 1857 жылы қазіргі Алматы облысы Ақсу ауданы Қосағаш ауылында дүниеге келген. Қобызшы, күйшінің шыққан тегі туралы ұлт зиялысы, Сталиннің қанқұйлы қуғын-сүргін саясатының құрбаны Ілияс Жансүгір өзінің «Күй» атты шығармасында былай деп жырлаған;

«Қобызшы Молықбай шал Матайдағы,
Матайда Кенже, Тұңғат, Сақайдағы,
Қазақта қобызшының қалғаны сол,
Жорға еді маймандаған бақайшағы» [10].

Молықбайдың өзі де кеңестік тоталитарлық жүйенің саяси қуғын-сүргініне түскен адам. 1930 жылы «халық жауы» деген жаламен тұтқындалып, Алматы түрмесінде қайтыс болған. Қобызшының өнерпаздық, елшілік қасиеттері әкесінен дарыған көрінеді. Дарынды күйші «Ақ көбікті» аңыратып, «Боз інгенді» күңірентіп, «Көк көбікті» күрілдетіп, «Жыласқан ноғай-қазақ мұңын» шертіп, «Қорамжанның» күйін тартып, бүкіл Матай, одан қалса Найман еліне есімі кең таралған. Қобызшы дарынына қоса емшілік қасиеттерімен де танымал болған деседі.

Молықбай - жыр алыбы І. Жансүгірдің кіндік әкесі, ақынның «Күйші» поэмасының бас кейіпкері. Қобызшы Молықбай - күй атасы Құрманғазы, Тәттімбет, Динамен қатар тұратын өнер саңлағы, дарын иесі. Оның күйлері ұрпақты адамгершілікке, елін, жерін құрметтеп, халқын ардақтауға тәрбиелейді. Халқының дәстүрін дәріптеп, мәдениетін өркендеткен тұлға тарих төрінен орын алады.

Молықбай күйшінің қобызы Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгір мұражайында тарихи жәдігер ретінде сақтаулы.

Көрсетілген тұлғалар арқылы өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа, батырлыққа, батылдыққа, яғни тарих арқылы тәрбелеуге болады деп қорытындылаймыз.

1 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. - СПб., 1897.

2 Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. - Алматы 1996.

3 Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. - Алматы, 1995.

4 Орта жүз Найман руларының Қырықмалтық Сүлеймен би таратқан шежіресі. - Үржар, 1992.

5 Мамания. Тарихи деректер, естеліктер, өлеңдер, құжаттар, пікірлер. - Алматы, 1999.

6 Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз - казакского народа. - Ташкент, 1925.

7 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. Т.3. – Алма-Ата, 1982.

8 Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. 2-т. - Алматы., 1989.

9 Ақтайлақ би. - Алматы, 1991.

10 Жансүгіров І. Өлеңдер мен дастандар. Т.1. - Алматы, 2002.